

Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінің «Талдысай жастары» дебат клубының 2023-2024 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстар есебі

2023-2024 оқу жылының басында «Талдысай жастары» дебат клубы бұйрық бойынша жетекшісі бекітіліп, жұмыс жоспары құрылды. «Талдысай жастары» дебат клубының мүшелеріне 8-11 класс оқушылары тартылды.

№	Аты-жөні	класс
1	Ерахмет Ақмаржан	10а
2	Ермекова Гулназ	11а
3	Дидарұлы Бекжан	10а
4	Қажығалиева Жұпар	8а
5	Нұрболатқызы Дания	10а
6	Ерболатқызы Кәусар	8а
7	Ғалымұлы Қыдырәлі	10а
8	Еламан Елдар	10а
9	Сәкенәй Әдина	10а
10	Бақтияр Жанел	8а
11	Төлегенова Арай	8а
12	Жақсылықова Ақнұр	8а
13	Абилкаемова Іңкәр	8а
14	Кунтуганова Ақнұр	9а
15	Тыныштықбаева Айдана	9а
16	Ерахмет Асылжан	10а
17	Жақсылықова Жазира	10а
18	Тұралы Еркенұр	10а
19	Сәкенәй Ақниет	10а
20	Арманқызы Милана	10а

Жоспар бойынша қыркүйек айында «Пікір сайыс» деген не? Пікір сайыс принциптері? Пікір сайыс стильдері? тақырыптарында сабақтар өткізілді. 8-11 класс оқушылары арасында жиналыс өткізілді. «Сөз төресі- шешендік өнер» тақырыбында пікір-талас ұйымдастырылды.



Қазан айында «Қарар жазу түрлері,үлгілері», «Қарар шығару» тақырыптарында дәріс сабақтары жүргізілді.

«БП Ең жақсы өмір ауылда», «Тіл тағдыры- ел тағдыры» тақырыптарында дебат клубы қатысушыларының арасында пікір-талас ұйымдастырылды.

Қараша айында «Қарарға арнап критерий шығару, оған сараптама жасау. Критерийді негіздеу», «Критерийдің қарар және аргументтермен байланысы» тақырыптарында дәріс сабақтары өтті.



Желтоқсан айында «Энциклопедиялық сөздікпен жұмыс жасау». «Ақыл шабуылы-аргумент құрастырудағы алғашқы қадам.» тақырыптарында дәріс сабақтары өтіп, «Бұл палата білімді болу-тәрбиенің ең жоғарғы шегі», «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыптарында пікірталас ұйымдастырылды.

Қаңтар айында «Талдысай жастары» дебат клубының қатысушыларының арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, «Аргумент құрастыру», «Аргументті қолдау» тақырыптары аясында пікір алмасты. «Аргумент құрылысы» тақырыбында дәріс өткізіліп, «Діни сауаттылық – өскелең ұрпақ негізі» атты дебат ұйымдастырылды.

Ақпан айында «Зерттеулер мен дәлелдер», «Мәлімет жинау, мамандармен сұхбат.,» «Дәлелдердің түрлері: куәландыру, фактілер, статистикалық мәліметтер, шолулар.» , Жақтау кейсінің үлгісі. Даттау кейсінің үлгісі тақырыптарында дәріс сабақтар берілсе, «Заманауи ғылым және білім» тақырыбында дебат өткізілді.

Наурыз айында «Спикерлердің рольдері», «Аргумент құрылысы» тақырыптарында пікірталас өткізілсе, «Нәтижелі сұрақ қою әдістері» тақырыбында дәріс сабақ, «Сұрақтардың тізбегін құрастыру» пікір алмасу сабағы өтті.



Сәуір айында «Кандидаты в депутаты», «Қарсы сұрақ – жауап кезіндегі спикерлердің өзін-өзі ұстауы» дәріс сабақ, БП «Электрондық кітапханалар адамзаттың тарихи-мәдени мұрасының құнсыздануына әкеледі», -деп санайды пікір-талас, «Қазақстандағы панасыз және мүгедек балалар» дебат ұйымдастырылды.



«БП Барлық орта мектептер оқушылар формасын талап ету керек», «Діни сауаттылық – өскелең ұрпақ негізі» пікір-талас сабақтары мамыр айында ұйымдастырылып, жыл аяғында жүргізілген жұмыстар қорытындыланды.

2023-2024 оқу жылындағы «Талдысай жастары» дебат клубының жыл бойы жүргізілген жұмыстарына «қанағаттанарлық» деген баға берілді.

Тәлімгерлер:

А.М.Алиева

Г.Т.Тышимова.

